

Педагогикалық тәжірибеден есеп беру

Орындаған: Қ.И.Сәтбаев
атындағы 2-курс студенті
Әбдімұрат Әйгерім

Тәжірибеден өту орны мен уақыты:

*Педагогикалық практика Алматы
Құрылыс және Халықтық Кәсіпшілдік
колледжінде 18.01.2018 – 19.04.2018
аралығында өтті. Мекен – жайы:
Тимирязева көшесі 50*

Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжі 1956 жылы «Главалматыстрой» трестінің негізінде №23 құрылыс мектебі болып құрылған. Осы жылдар ішінде өз қызметін табысты атқарып, колледж қабырғасынан 50-ден астам кәсіби құрылысшы, соның ішінде Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлық лауреаты, ғылым докторы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген құрылысшыларын шығарды. Колледж түлектері арасында белгілі спортсмендер мен суретшілер, музыканттар мен вокалистер, өндіріс өнертапқыштары мен жаңашылдары аз емес. Қазіргі таңда Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжі Алматы қаласындағы және Республикадағы құрылыс орындарына, автокөліктерге техникалық қызмет көрсету станцияларына, ағашты өңдеу мен музыкалық аспаптар жасайтын кәсіпорындарына білікті кадрлар даярлауды жүзеге асыратын заманауи көпфункционалды оқу орны. Колледждің жоғары білікті педагогикалық ұжымы 3 жылдық оқу барысында студенттерге арнайы, кәсіби және жалпы орта білім беруді сапалы түрде жүзеге асырып келеді, бұл үшін қажетті оқу-материалдық база бар. Бүгінде Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжінде жабдықталған оқу аудиториялар, оқу өндірістік шеберханалар, компьютерлік және мультимедиялық кабинеттер, спорт залы, кітапхана, мәжіліс залы, асхана бар. Оқу-өндірістік шеберханалар мен оқу кабинеттері электрондық подиумды интерактивті тақтамен камтылған.

«Базис» ҚК ЖШС, GLOBAL ҚК Алматы қаласының ірі құрылыс компаниялары; автокөліктерге техникалық қызмет көрсету станциялары; «Шертер» ЖШС, «Компания КАРА» ЖШС ағашты өңдеу мен музыкалық аспаптар жасайтын кәсіпорындары колледждің әлеуметтік серіктестері болып табылады, олардың нысандарында оқушылар өндірістік тәжірибе өтеді, ал кейін еңбек қызметін сол жерде жалғастырады.



АЛМАТЫ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ КӘСІПШІЛІК КОЛЛЕДЖІ

АЛМАТИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ СТРОИТЕЛЬСТВА И НАРОДНЫХ ПРОМЫСЛОВ

ALMATY COLLEGE OF CONSTRUCTIONS AND FOLK CRAFTS





1-ақпан күні музыкалық аспаптар жасау шеберханасында шебер сынып өткізілді.



8 ақпан күні оқу өндірістік шебері Байбосынов М.Д. "Аккумулятор батареялары" тақырыбында шебер сабағын өтті.



16-ақпанда «Интернет кітапты алмастыра ала ма?» атты тақырыпта АҚЖХКК колледждің 1-2-3 курс студенттері арасындағы пікірталас өтті.



"Дәнекерлеу ісін жүргізу барысында Техникалық Қауіпсіздік Ересжесін сақтау" тақырыбы бойынша ақпан айының 22-і күні өндірістік оқыту шебері Ысқақов Абылайханның шебер-сыныбы өтті.




1 наурыз "Алғыс айту күніне" арналған мерекелік кеш АҚЖХКК-нің мәжіліс залында 27-ақпан күні өткізілді.



15.03.2018 ж күні. әлемнің үш дүркін чемпионы Ардақ Назаровпен кездесу кеші өтті.



2018 жылғы 29 наурыз күні "Дәнекерлеу ісі" мамандығының оқытушысы Құрманжанова Айзада "Пісіру әдістерін үш деңгейде оқыту" тақырыбында ашық сабақ өткізді.



5-сәуір күні 1-курсатар арасында КТА ойыны ойнатылды.



Қорытынды

Өндірістік практиканы өту-оқу бағдарламасының негізгі элементтерінің бірі болып есептелінеді. Әсіресе, тәжірибе арқылы көзбен көріп жасағанда көбірек нәтиже береді. Өндірістік тәжірибені өту арқылы мен жаңа мәліметтер алдым. Өндірістік тәжірибе арқылы мекеменің техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету құрылымын анықтыдым және де өзіме болашаққа қажетті тәжірибе жинадым. Осы тәжірибем алдығы оқу барысында көмектеседі деп сенемін.

Бұл өндірістік практика менің болашақта жақсы маман болуым үшін қажетті болатын көптеген бағыттар мен тәжірибелерді үйретті. АҚЖХКК-нің тыныс -тіршілігімен жақынырақ танысу арқылы бұл колледждің еліміз үшін орасан зор пайдасы тигізіп жатқаның білдім. Өйткені жыл сайын өз ісінің мамандарын дайындап, жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Көптеген мамандықтар оқытылып шығарылады. Сол үшін осы оқу орнындағы әрбір шеберлерге, оқытушыларға алғыс білдіргім келеді. Және өз шеберім Құрманжанова Айзада апайға. Бізге бар білгендеріңізді түсіндіріп, тәжірибе жүзінде көрсеткендеріңіз үшін Мың алғыс!



Назарларыңызға
рахмет!